

*Валиханов Ш.А.*

**ГАБИДЕН МҰСТАФИННИҢ «ШЫҒАНАҚ» РОМАНЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕР ШЫНДЫҒЫ**

*Валиханов Ш.А.*

**РЕАЛИЗМ ГЕРОЯ В РОМАНЕ ГАБИДЕН МҰСТАФИННА «ШЫҒАНАҚ»**

*Sh.A. Valikhanov*

**GABIDEN MUSTAFINA REALISTIC THE HERO  
IN THE NOVEL " SHYGANAK "**

УДК 94 (574.26)

*В статье на основе романа «Шығанақ» рассмотрены вопросы художественных приемов описания характера, создания персонажа.*

*In article on the basis of the novel "Shyganak" questions of artistic touches of the description of character, creation of the character are considered.*

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, классик жазушы Ғабиден Мұстафиннің шығармашылық сыры жайлы әңгіме тарау-тарау, сала-сала болып өрістеп кете берер еді.

Сол көп саланың бір арнасы - қаламгердің характер жасау шеберлігі.

«Ғабиден Мұстафин қазақ романдарында бұрын қозғалмаған тақырыптарды қолға алғанын, соны өрістерді жайлағанын кезінде өзі де атап өткен. Бұған қоса айтарымыз, жазушы Мұстафин әдебиетіміздің сурет галереясын ойға шомғыш, адымын санап басқыш, жиған-тергенін қорытқыш, көкірегі даңғыл, пәлсапашыл характерлермен байытты», - дейді әдебиеттанушы ғалым Шерияздан Елеукенов [1, 22 б.].

Ғабиден Мұстафиннің Шығанағы - тарихта болған адам, даңқты тарышы. Жазушы өмірдегі адамның көркем бейнесін жасауда характерге күш салады.

Ғабиден Мұстафиннің жазу тәсіліндегі бір ерекшелік жайлы Серік Қирабаев айтқан мына бір байламда көп мәселе жатыр:

«Жазушы адам портретін жасауға сараң. Оның кітаптарынан кейіпкерлерінің тұтас портретін ұшырату өте қиын. Оның орнына жазушы «Төртбақ қара мұртты жігіт» (Ермек), «Жуантық, аласа бойлы, бурыл шаш» (Козлов), «Талдырмаш, аққұба жігіт» (Мейрам) деген сияқты жеңіл сипаттаулар қолданады. Алайда, үлкен шығармаларға адам портреттері керек-ақ. Бұл жерде біз жазушыға адам портретін бір жерде бір-ақ үйіп-төгіп бере сал деуден аулақпыз. «Геройдың портретін жазуға тұтас бір он бет арнап, оның бейнесін, бойының ұзындығын, қандай адам екенін суреттеп, ал енді, герой, ісіне кіріс деуге болмайды. Бұл дұрыс әдіс емес. Ондай герой бір орнынан қозғала алмайды. Сондықтан бұл қызық та, көруге тартымды да емес... Геройдың портреті оның қимылынан, іс-әрекетінен, талас-

тартыста өзін ұстай білуінен туады. Портрет жол-жолдың арасынан, сөз арасынан біртіндеп туады. Оқушы оны ешбір суреттеусіз-ақ танып алатын болады», - дейді Алексей Толстой (С. Қирабаев. А.Н. Толстой шығармаларының толық жинағы. 13 том. 327-бетке сілтеме жасаған - Ш.В)» [2, 80 б.].

Ғабиден Мұстафиннің «Шығанақ» романындағы Шығанақ характері, мінез-болмысы алуан сәтте, қилы құбылыста іс-әрекет, ой қуған, адамдармен әңгіме, т.б. өмірлік қарекеттер аясында бірте-бірте ашылады.

Жазушы өзінің әдеби кейіпкерін, ең әуелі, өмірдегі түпбейнеден табады. Сөз жоқ, шығармадағы Шығанақтың мінез болмысында шынайы Шығанақтың жаратылыс ерекшелігі жатыр. Ғабиден өз кейіпкерімен істес болған адамдармен көп кездесіп, көп кеңескен.

«Шығанақ» қалай жазылды» атты мақаласында София Өтегенова айлап жатып, алыстағы ауданда' шығарма дерегін жинаған жазушы жайлы былай деп естелік айтады:

«Күн құрғатпай Ғабен «Шығанақ» ауылына барады. Онда Шығанақпен істес болған адамдармен кездеседі.

... Мысалы, ол атақты тары өсіруші, Шығанақтың шәкірттерінің бірі Зәуре Баймолдинаның әңгімесін бөлмей тындап, оқта-текте ғана көлденең сұрақ қоятын. Себебі, Зәуре әңгімеші адам еді, әсіресе, Шығанақтың мінез-құлықтарын айнытпай салатын. Ойын тындаушысына әдемі жеткізе білетін. Ал Шығанақ звеносында көп жыл жұмыс істеген Жәйке Есалинаны сұрақпен жетектеп, өзіне қажетті желіге бағыттап, есте қалғандарын байыппен айтып беруін сұрайтын. Ал Шығанақтың келіні Ажархан мен әңгімелескенде жазушы атасының күнделікті қам-харакеті, әкелік мейірі, адамгершілік қасиеттері төңірегіне көбірек назар аударып, әрбір жайды сұрақпен суыртпақтап суырып алып отыратын. Берсиевтің шәкірті Есбатыр Меңдібаевтан Шықанның ақ тарының жаңа түрін қалай қалыптастырғанын, тұқым жинау тәсілін сұрайтын.

Кейін «Шығанақ» романы қолға түскен кезде біз оның кейбір кейіпкерлерінің мінез-құлқынан, тіпті, сөз саптау мәнерінен жазушы кездесіп, әңгімелескен адамдарды айнытпай танып отырдық.

Жазушының шеберлік бастауын өмірдің өзінен алатынын тұңғыш рет сонда сезінген едік» [3,26 б.].

Өмірдің өзінен алынған дүние шығармашылық процеске өткенде жазушы басынан қандай бейнет кешеді, өмірдің өзіндегідей дегендей жазу үшін қандай тәсіл, әдіс қолданады - ол күрделі көркемдік құбылыс. Кез келген өмір суретін қаз-қалпында, сол күйінде баяндап, әңгімелеп берумен көркемдіктің шаруасы түгенделмейтіні белгілі.

Михаил Никитиннің «Шығанақ» романын көркемдік талғам, көркемдік таным, көркемдік талап тұрғысынан талдап берген зерттеу мақаласында өмірлік негіздің көркемдік негізінсіз көркем шығарма тұмайтындығы туралы нақтылы әңгіме қозғалған.

«Скажем сразу: Шиганак Берсиев – личность настолько яркая, что если б автор ограничился простым изложением его биографии, читатель даже и в этом случае с интересом прочел бы книгу. Но повесть Габиден Мустафина выходит за пределы простого жизнеописания Шиганака Берсиева, в ней поэтически претворяются факты биографии героя. В повести наличествует художественное обобщение и художественный домысел. Реальная личность героя окружена в повести целым рядом других героев, многие из которых, несомненно, «придуманы» писателем»[4,341 б.].

М. Никитин Шығанақ бейнесін сомдаудағы авторлық ұстаным, көркемдік тәсілдер жайлы қадау-қадау құнды пікірлерін әдеби дамудың аясында, қоғамдық өмір шындығы, негізінде сабақтастыра отырып ой толғап келіп, қазақ әдебиетінің елеулі табысы есебінде танылып отырған «Шығанақ» романындағы Шығанақ бейнесі жайлы мынадай түйін жасайды:

«Таков Шиганак – «маленький великий человек» нашего времени, страстный патриот родины, неукротимый новатор, неспособный довольствоваться достигнутым» [4,343 б.].

«Шығанақ» романындағы характер, образ жасау жайы Темірғали Нұртазиннің «Әдебиет және искусство» журналында жарияланған «Шығанақ» романы» атты зерттеу мақаласында жан-жақты қозғалды. Екінші бірі білетін, өмірде болған адамды кейіпкер етіп, көркем шығарма жазудың қиыншылықтарын айтады. Кейіпкердің ізімен жүріп

эрекетін тізбелей берумен көркем дүние тұмайтынын, немесе өмірлік кейіпкердің атын алып, ойдан эрекет қосып, шындықтан аулақтаудың да оша бермесін ой талқыға тарта келіп, сыншы Ғабиден Мұстафиннің Шығанақ туралы роман жазуда осы күрделі міндеттің үдесінен шыққанын нақтылы көркем талдау, толғауларымен негіздейді.

«Оның Шығанағы - өмірдегі Шығанақтың көшірмесі емес, әдеби образ. Образ болғанға болуға мүмкін нәрсені оймен жалғау арқылы туады. Өмірдегі адам кітап бетіне түскенде, өңі қашпас үшін оған жазушының суретшілік өнері дем беруі керек. Өмірдегі дайын мен өнерден туган болмыстың мөлшерін таразымен салмақтау я метрмен өлшеу қиын, екеуінің қарым-қатынасын, жай-жапсарын жұртшылыққа ұнарлықтай етіп табу жазушының шеберлігіне байланысты» [5,73 б.].

Т. Нұртазин автор Шығанақ образын жасауда дұрыс әдіс қолданған, оны ажарлап, артық дүние қоспайды, алпысқа таяп қалған адамды тым жаңашыл жасамайды, оқу құғызып, жаңаға құмарпаз етіп үстеме құлық танбайды дейді. Қарапайым ауыл қариясы, сауатсыз болғанымен, көкірек көзі ашық, кеудесі қазына, ұстамды, ұқсатымды қалыпта ашылған Шығанақ образын сыншы құптайды.

Шығанақ - еңбек үстінде, іс басында, қалың қауым ортасындағы табиғи қалпымен ашылған бейне. Оның мінез болмысын ашуда жазушы табиғи өмірлік құбылыстарды арқау етеді.

Жазушының романдағы кейіпкерлерге әр қилы адам мінездерін дарыта отырып, характер апғудағы шеберлік тәсілдері оның келешек көлемді, іргелі, ірі туындыларына қарай ашылған көркемдік жаңа бағыттың басы еді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Ғабиден Мұстафин және қазіргі қазақ прозасы: Ғылыми мақалалар. -Қарағанды, 2002. - 273 б.
- 2 Қирабаев С. Ғабиден Мұстафин - Алматы, 1956. - 85 б.
- 3 Өтегенова С. «Шығанақ» қалай жазылды // Жалын. - 1987. - №3.
- 4 Никитин М. Мастер земли//Дружба народов.- 1948.-№18.
- 5 Нұртазин Т. «Шығанақ» романы // Әдебиет және искусство. - 1946. - №4-5.

Рецензент: д.филол.н., профессор Байғазиев С.